Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№43 (847) Сәрсенбі 25 қазан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА 85 ЖЫЛ, ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНА 205 ЖЫЛ

Жасай бер, жайнай бер, Қызылорда!

Жылдан-жылға жасаруда
аймағым,
Сонау көкте желбіреуде
Байрағым,
Сәулетті үйлер салынуда
сапалы,
Сап құрылыстың қалқып
алып қаймағын...

Әр жерде қоқыс жатпаса,
Тұрарлық қалай мақтаса!
Алтын қала-Қызылорда,
Айнадай бәрі тап-таза!

Басқарушы бір кісі,
Керемет қала құрлысы...
Көркейіп , көктей түсуде,
Тым жаңаша түрлі ісі..
.
Құрылысқа бәрі
тартылды,
Барлық істер тартымды...
Экономика да өсуде,
Өте жылдам қарқынды..
.
Мемлекеттің басшысы,
Аралап әр саланы...
Еңбекке ең бастысы,
Берді әділ бағаны...

Бұның бәрі бірліктің
Арқасында ағайын.
Аман боп әлі тірліктің,
Тындырар Ерлер талайын!

Алла Тағала тек арамызға ауызбіршілік бергей!

Қазбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ҚР ІІМ-нің Еңбек және Құрметті ардагері

25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ

РЕСПУБЛИКА КҮНІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

25 қазан – Республика күні мерекесі – әрбір қазақстандықтың жүрегін мақтаныш пен патриоттық сезімге толтыратын күн. Бұл күні барша жұрт Қазақстан Республикасы тәуелсіз және өркендеген мемлекет құруға әкелген алыс тарихи жолдарын еске алып, Республика күнін атап өтеді.

Былтыр 29 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған еді. Аталған заңға сәйкес 25 қазан ұлттық мереке – Республика күні, ал 16 желтоқсан мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні болып белгіленді.

Республика күні 2001 жылдан бастап ұлттық мерекелер тізімінде болған. Бірақ 2009 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен алынып тасталған болатын. Ал 2022 жылы маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация 1990 жылы 25 қазанда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен қабылданды. Онда ҚазКСР егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері бекітілді. Сондай-ақ алғаш рет ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді өз бетінше шешу принципі де жарияланды. ҚазКСР-і өзінің ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал Президент мемлекет басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды.

Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата заңымызды құруға қадам бастық. Сондықтан осы қағидаттардың негізінде кейінірек – 1991 жылғы 16 желтоқсанда – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

Ж.ҚАСЫМ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖАСТАРҒА ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Жастарымыз отаншыл, білімпаз, еңбекқор, үнемшіл, әділ әрі жанашыр болуы қажет. Бұл туралы Ақордада Республика күніне орай бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыруға арналған салтанатты рәсімде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

«Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Саяси және әлеуметтік-экономикалық реформа қоғамдық сананың түбегейлі өзгерісіне ұласуы керек. Мен Түркістанда өткен Құрылтайда сөйлеген сөзімде жаңа қоғамдық этика туралы айттым. Алқалы жиыннан соң Құрылтайдың кейбір мүшелері маған өз ұсыныстарын жолдады. Олар елімізде құндылықтар жүйесін қалыптастыру қажеттігіне назар аударуда. Шын мәнінде, мұны өте маңызды бастама деп ойлаймын. Оны жан-жақты талқылап, қарастыруымыз керек. Мен бұған дейін Адал азамат ұғымын ұсындым. Осы орайда жастарымызға арнайы Үндеу жолдағым келеді. Елімізде жүзеге асырылып жатқан әрбір бастама, ең алдымен, Сіздерге арналады. Қазіргі реформалардың игілігін көретін де, елдік істерді жалғастыратын да – сіздер», – деді Президент.

Мемлекет басшысы бүгінгі жастарды Қазақстанның келбеті деуге болатындығын баса айтты.

«Шын мәнінде, кез келген мемлекетті тұрғындарына қарап бағалайды. Яғни, біздің қандай ел боларымыз өскелең ұрпаққа байланысты. Сондықтан жастарымыз отаншыл, білімпаз, еңбекқор, үнемшіл, әділ әрі жанашыр болуы қажет. Жастар спортпен, дене шынықтырумен айналысуы керек. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Осы құндылықтарды барынша насихаттап, тарату қажет. Сонда жеке адамның қасиеті тұтас ұлттың қасиетіне айналады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің атап өтуінше, жастар кез келген өзгеріске бейім болады.

«Әр нәрсені бойына тез сіңіреді. Мен сіздерді жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге шақырамын. Ұлы Абай айтқан бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болыңыздар. Сіздер дәріптеген құндылықтар қоғамда тез орнығады. Сіздер қолдаған өзгерістер жылдам жүзеге асады. Бәріміздің тілегіміз – бір, бұл – қоғамымызда жаппай әділеттік орнату. Ендеше, мақсатымызға бірге жетейік. Мен жас ұрпақтың жасампаздық қуатына сенемін. Өздеріңіз сияқты саналы ұл-қыздары бар Қазақстан өркениет көшінің басында болары сөзсіз», – деді Мемлекет басшысы.

ЖҮЛДЕ БАСЫ – 4 МЛН. ТЕҢГЕ

Қызылордада Қала күні мен «Алтын дән-2023» мерекесіне орай ат бәйгесі ұйымдастырылды. Жанкүйерлер ипподромға жиналып, бәйгенің көрігін қыздырған тұлпарлар шабысын қызықтады.

Осы жолы бәйгенің 4 түрінен 82 шабандоз бақ сынады. Еліміздің бірнеше аймағынан сәйгүлігін баптап келгендер қызылордалықтардың мерейлі думан қызығын бөлісті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлестерін құттықтап, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Соңғы жылдары ұлттық спорттың облысымызда бұқаралық сипат алғаны қуантады. Жалпы 16 мыңнан астам адам ат спортымен шұғылданады. Жыл сайын 8000-нан аса палуанның қатысуымен өтетін қазақ күресінен «Алтын белбеу» турнирі ең танымал шараға айналды. Облыс орталығында ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы қызмет көрсетеді. Орталықта жастарға барлық мүмкіндіктер жасалған, – деді аймақ басшысы.

5 шақырымды артқа тастаған тай жарыс пен 11 шақырымды құрайтын құнан бәйгеде шиелілік Абзал Тұрғанбек бірінші болып келді. Ал 15 шақырымды оңай еңсерген топ бәйгеде Алматы облысынан келген Абзал Тұрмыс мәре сызығына алғаш болып жетіп, 2 миллион теңге иеленді. Аламан бәйгенің бірінші жүлдесі жалағаштық Жаңасыл Бекболатқа бұйырды. Шабандозға 4 миллион теңгенің сертификаты табысталды.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
8-7716933181.

«АЛТЫН ДӘН-2023»: АДАЛ ЕҢБЕК БАҒАЛАНДЫ

«Алтын дән-2023» дәстүрлі іс-шарасында аймақтағы егін жинау науқаны қорытындыланды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев дала еңбеккерлерін құттықтап, ала жаздай еңбек етіп, қамбаны күрішке толтырған шаруалардың адал еңбегін жоғары бағалады.

«Алты алашқа ана болған Сыр өңірінің облыс болып құрылғанына биыл 85 жыл. Қызылордалықтар бұл мерейтойға үлкен табыспен жетті. Жақында облысқа іссапармен келген Мемлекет басшысы аймақтың дамуына жоғары баға берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Нағи Ілиясов ауылында өткен еңбек адамдарымен кездесуде: «Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрсіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын»,– деп қошемет білдірді. Президент Сыр өңірінің бренді – күріш өндірісін көру үшін «Алтын орда» зауытында болды. Ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің өнімдерімен танысып, диқандар мен шаруалардың еңбегіне табыс тіледі. Бұл – барша еңбек адамдарына берілген оң баға, көрсетілген құрмет», – деді облыс әкімі. Нұрлыбек Машбекұлы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың Сыр диқандарына жолдаған арнайы құттықтау хатын оқып берді.

Айта кетейік, аймақта 9 айдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 157 млрд.теңгеге жетті. Жалпы ішкі өнімдегі осы саланың үлесі 6 пайызды құрады. Соңғы 3 жылдың ішінде ауыл шаруашылығының негізгі қорына 32 млрд 700 млн теңге инвестиция салынды. Биыл жалпы құны 7,9 млрд.теңгені құрайтын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Жыл ішінде салаға 14,0 млрд теңге қаржылай қолдау жасалды. Оның 4 млрд 700 млн теңгесі егін шаруашылығын субсидиялауға бағытталды.

Биыл су тапшылығы қатты сезілген жыл болды. Соған қарамастан Сыр диқандары ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4 мың 800 гектарға ұлғайтылып, 193 мың 400 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде күріштік алқап 89 мың 100 гектар. Күні кеше жиын-терім науқаны аяқталып, әр гектардан алғашқы салмақта 56,5 центнерден өнім алынды. Қамбаға 503 мың тонна астық құйылды. Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі отаншылдық – ең алдымен туған елінің игілігіне қызмет ету» деген еді. Осы орайда дәстүрлі мерекенің ең басты құрметі еңбек адамдарына көрсетілді. Күрішшілер, сушылар, комбайншылар, механизаторлар, диқандар, малшылар сахна төріне шығып, марапатқа ие болды.

Іс-шарада сала қызметкерлері ҚР Премьер-министрінің алғыс хатымен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жыл қорытындысымен топ жарған озаттар түрлі номинация иеленді. Төрт түлік өсімін қамтамасыз еткені және өнім өндіруде жоғары жетістіктерге жеткені үшін Арал ауданы марапатталса, «Егін шаруашылығы» номинациясында Шиелі ауданы жеңімпаз атанды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге Сырдария ауданы қол жеткізді. «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясы бойынша Жаңақорған ауданы марапатталады.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна жұлдыздары дала еңбеккерлерінің құрметіне әсем ән шырқап, мерекені думанға бөледі.

ОБЛЫСТАҒЫ КІТАПХАНАЛАР ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Елімізде 24 қазан – Кітапханашылар күні кәсіби мереке ретінде атап өтілуде. Қазіргі таңда облыста 209 мемлекеттік кітапхана бар болса, онда 4,5 млн-нан астам кітап қоры жасақталған. Жалпы өңірдегі кітапханалар жылына 250 мыңға жуық оқырманға қызмет көрсетеді. Бұл аймақтағы оқуға қабілетті тұрғындардың 30 пайызын құрайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас хабарлады.

Әбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы – өңірдегі ең ірі ақпараттық мәдени орталық болып саналады. Облыстағы кітапханаларды заманауи бағыттағы 78 коворкинг орталығы жұмыс істеуде. Аймағымыздағы 209 кітапхананың 170-і интернет жүйесіне қосылған. Облыс кітапханаларында кітап оқуды насихаттау және азаматтардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Kitap Fest» фестивалі, «Kitap Time», республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы, «Үздік оқырман» бенефисі, «Оқитын өлке» акциясы, «Кітаппен бірге өсеміз» сынды жобалар ұйымдастырылады. Сыр өңірінің 85 жылдық мерейтойы аясында облыс кітапханаларында көптеген шаралар өткізілмек. Негізгі шараларға тоқталып өтсем, жыр кештері, кітап көрмелері, фестивальдар, мүшәйралар бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлері мен жазушылардың өмірі мен қызметіне арналған танымдық конференциялар ұйымдастырылады. Кітапханада 7 бөлім мен 8 сектор оқырмандарға қызмет көрсетеді. Кітапхананың кітап қоры 4255606 дананы құрайды. Қордың құрамына кітаптар, мерзімді басылымдар, аудиокітаптар, электронды басылымдар, ноталық басылымдар кіреді. Сонымен қатар кітапханада жұмыссыз жастарды, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген азаматтарды компьютерлік сауаттылыққа үйрету мақсатында «Шаңырақ» интеллект-орталығы да жасақталған, – деді Нұрлыбек Кәрібозұлы.

Брифинг барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми кітапхана жетекшісі Гүлмира Сәтбаева білім алушыларға көрсетіліп жатқан қызметтерге тоқталып, жаңа бағыттағы жұмыстарды баяндады.

– Ғылыми кітапхана – университеттің оқу және ғылыми процестеріне, ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетудің сапасы мен оның нәтижелілігін арттыруға бағытталған. Кітапхана қызметін пайдаланушылардың басым бөлігі – университтің білім алушылары, профессорлық-оқытушылық құрам және университет қызметкерлері құрайды. Жыл сайын білім беру бағдарламаларын заманауи талаптарға сай жасақталуы үшін оқу құралдарымен, мерзімді басылымдармен және электрондық ресурстармен толықтырып келеміз. Бүгінде кітапхананың жалпы қоры – 1 956 324 дананы құрайды, – деді Гүлмира Әлібайқызы.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ – КІЛ МЫҚТЫНЫҢ БӘСЕКЕСІ

Жаңақорған ауданының 95 жылдығына орай «Құрмет» орденінің иегері, еңбек ардагері Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған қазақ күресінен жастар арасындағы дәстүрлі республикалық турнир ұйымдастырылды.

Қазақ күресі – ұлттық рухтың, білек пен жүректің, батылдық пен қайсарлықтың бәсекесі. Сыр елінде бастау алған «Алтын белбеу» турнирінің республикалық деңгейге көтерілуі өңірде қазақ күресінің серпін алып, жастардың спортқа қызығушылығын еселей түсті. Қазір аймақта қазақ күресімен 6710 спортшы шұғылданады. Бұл – болашақ чемпиондардың бастауы, салауатты елдегі самғаудың белгісі. Дәстүрлі шара еңбек ардагеріне тағзым жасаудың үлгісі болса, екінші жағынан бұқаралық спортты дамытудың тиімді тәсілі.

Республикалық турнирге Қазақстанның 8 облысы, 2 қаласынан және ҚР ұлттық құрама командасынан 400 спортшы бақ сынады. Мұнан бөлек, волейболдан, шағын футболдан облыстық турнир, үстел теннисінен мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевты еске алуға арналған облыстық турнир өтті.2005 жылдан бері тұрақты өткізіліп келетін Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған жарысқа қатысушылар саны жыл өткен сайын артуда. Биыл 16-шы мәрте ұйымдастырылған сайыс талай дарынды жастың жолын ашып, шағын ауыл жаһандық спорт жарыстарының орталығына айналды.

Жарысқа үздіксіз қатысып, толағай нәтижелерге қол жеткізген спортшылар қазір ұлттық құрама сапында өнер көрсетуде. Атап айтсақ, қазақ күресінен Әлем чемпионы Ғалымжан Абдрахманов, Нұрым Сәлімгереев, Бекжан Төлепов, әр жылдары «Қазақстан барысы» атанған Еламан Ерғалиев, Мақсат Исағабылов, биылғы облыстық «Алтын белбеу» иегері Айбек Серікбаев – осы турнирден түлеп ұшқан спортшылар.

Турнир нәтижесінде 55 келі салмақта 1 орын қызылордалық Ержігіт Мейіржанға бұйырды. 60 келі салмақта қызылордалық палуан Алдаберген Бекзат, 66 келіде жамбылдық спортшы Әлімби Әли жеңімпаз атанды. 72 және 78 келі салмақтарда 1 орынды Жамбыл облысынан келген спортшылар Сары Жалғас және Бектұрсын Абылай жеңіп алды. 84 келі салмақта түркістандық Жанәділ Бекасыл, ал 90 келіде Ұлттық ат спорты орталығының шәкірті Нұғман Бибарыс үздік атанды. 100 келіде 1 орынды БҚО өкілі Жанболатов Ернар, ал +100 келі салмақта қызылордалық Сұлтан Бейбарыс алды.

САЛА ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Шиелі ауданының орталық стадионында Қызылорда облысының 85 жылдығы және Шиелі ауданының 95 жылдық мерейтойына орай «Алтын күз – 2023» мерекелік марапаттау шарасы өтті.

Мерекелік шараға Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, қоғам және мемлекет қайраткері Сауытбек Абдрахманұлы сынды зиялы қауым өкілдері қатысты. Шара барысында сала үздіктеріне автокөлік, пәтер кілттері табысталды. Сондай-ақ, бірқатар азаматтарға мерекелік медаль беріліп, шара эстрада жұлдыздарының қатысумен концерттік бағдарламаға ұласты. Айта кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде барлық салаларда жаңа бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асып жатқаны өздеріңізге белгілі. Оның ішінде, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен Шиелі ауданында да бірқатар тың жобалар жүзеге асырылып, қысқа уақыт ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Мәселен, 9 айдың қорытындысымен ауданымыз негізгі 10 макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша аймақта үздіктер қатарынан көрініп, мерейімізді үстем етті. Әсіресе, құрылыс жұмыстарының көлемі – 192 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі – 175 пайызға, өндеу өнеркәсібі – 137 пайызға, бюджеттің өз кірістері көлемінің өсу қарқыны – 118 пайызға айтарлықтай артқан.Бүгінгі мерейлі мерекенің басты себепкерлері диқан қауымның да аяқ алысы жаман емес. Атап айтар болсақ, биыл ауданымыз ауыл шаруашылығы саласы бойынша 31 млрд. 500 млн. теңгенің өнімін өндіріп, табысымыз өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 102,5%-ға артты. Ағымдағы жылы барлығы 30 мың 792 гектар жерге егіс егіліп, негізгі дақыл күріштің көлемі 13 мың 176 гектарды құрады.

Сондай-ақ, егіс көлемі соңғы төрт жылда 3 мың гектарға ұлғайса, күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2 мың 500 гектарға дейін көбейтіліп, дала дарабоздарының табысы ұлғайды. Міне, осындай бір қолдың саласындай ұйымдасқан істердің арқасында аудан диқандары егілген егінді күздің жауын-шашынды маусымына ұрындырмай, әр гектарынан 56 центнерден өнім алып, жалпы 73 мың 786 тонна Сыр саласын жинап алды. Елдің ырысы артты, Қырманымыз дәнге толды.Әртараптандыру бағытындағы шаруалар да назардан тыс қалмай, 5500 гектар жерге көкөніс, бақша, картоп өнімдері егіліп, 183 мың тонна өнім алынды. Әсіресе, аймақ басшысының арнайы тапсырмасымен жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз етуін ұйымдастыру мақсатында көктем айларында 1520 гектар жер толықтай дайын күйінде үлестіріліп, бүгінде тұрғындар мол өнімге қол жеткізді.Жалпы, ауыл шаруашылығы саласында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өндірілген өнім көлемі еселеніп, барлық түлік мал басы өсіп отыр. Бұл халықтың несібесі артқаны, «Алтын күздің» елге деген берекелі тартуы деп білеміз.

«МАҚСАТЫМЫЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ»

Аталған қылмыс түріне бару – болашаққа балта шауып, Отанға опасыздық жасаумен тең. Өйткені жең ұшымен жалғасқан жемқорлық бар жерде ұлттық қауіпсіздікке де үлкен қатер төніп тұрары сөзсіз. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы індетпен халық болып күресу. Жемқорлық сынды жымысқы әрекетке бару ең алдымен адами фактор, яғни әр азаматтың таным-түсінігіне, рухани кемелділігі мен ой-өрісі, сана-сезіміне тікелей байланысты болғандықтан жемқорлықпен күресте негізгі тетік – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру екені анық. Бұл – дамыған елдердің тәжірибесінде оң бағаланған, нәтижелі әдістің бірі.Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дерті. Ал қоғамды құрушы – адамдар, яғни біздің әрқайсымыз. Демек, бұл дертпен күресуде әрқайсымыздың рөліміз, әрқайсымыздың әрекетіміз маңызды.

Моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеп, құқықтық сауаттылық негіздерін, мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті, өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу абзал. Сондықтан жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция әрбірімізде болуы керек.

Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жол ашады. Әрине, бұл жерде ашықтық пен жариялықтың да орны маңызды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңында «Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» деген ақпарат берілген.

Осы орайда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алуда мемлекеттік қызметшілер мен жеке және заңды тұлғалардың тікелей байланысын азайту мақсатында соңғы жылдары электронды қызмет көрсету форматы кеңінен өріс алды. «Ашық әкімдік», «Адалдық алаңы» сынды жобалардың да көздегені – сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін жойып, халыққа адал қызмет көрсету.

Электронды мемлекеттік қызмет форматы арқылы халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапалы, тиімді, әрі қолжетімді болды. Ғаламтор жүйесі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет сыбайлас жемқорлық бағытындағы заң бұзушылықтардың көлемін біршама азайтатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Жалпы айта келгенде, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этностық ерекшелігі ретінде ұлттық мәдениетті мысалға алсақ, отбасында балаларды еңбекке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу дәстүрі әрқашан да болған.

Сондықтан отбасында ұлттық тәрбиенің негізі, адамгершілік пен іс- әрекеттің өзегі ретінде адал еңбек басым болуы тиіс. Сонда ғана отбасы деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қоя аламыз.

Бұл тосқауыл осы мәселені заңдық реттеуге қарағанда мықтылау, тиімдірек. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда этникалық ерекшеліктерді негізге алу еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуы мен рухани жаңғыруына, мемлекетіміздің алға қойған стратегиялық бағыттағы жоспарларына қол жеткізуге, мәңгілік ел болып қалыптасуына маңызды жағдайлар туғызатындығы сөзсіз.

РОЗА ЖОЛАМАНОВА,
Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

ДҮБІРЛІ ДОДА

Тамыры тереңге бойлаған қасиетті мекен Қармақшы ауданының құрылғанына 95 жыл толған торқалы той «Құт қонған қасиетті Қармақшым» атты республикалық ақындар айтысымен түндігін түрді.

Айтыс аламанының ашылуында сөз алған аудан әкімі Жандос Еркінбекұлы 95 жылдық тарихы бар ауданның өткені мен бүгініне тоқталып өтіп, алдағы мақсаттарымыз бен биік мұраттарымызды бағамдады.

Сөз барымтасына ақын, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, Ахмет Нешати атындағы халықаралық әдеби сыйлығының иегері Шәкизада Әбдікәрімов, мәдениет саласының үздігі, Қармақшы ауданының Құрметті азаматы, айтыскер ақын Серік Ыдырысов, айтыс ақындары мен жыршы термешілердің халықаралық одағы Жамбыл аймақтық филиалының төрағасы, Шерхан Мұртаза атындағы руханият орталығының директор орынбасары, ақын Ахметжан Өзбековтер қазылық етсе, ақын, Алаштың Ақтаңгер ұлы Мұхтар Ниязов айтыс тізгінін ұстады.

Аудан халқын серпілтіп, дем берген аламанда қазылар алқасының шешімі бойынша бас жүлдені қызылордалық Нұрмат Мансұр, I орынды Арқалық қаласынан келген Айбек Қалиев алса, II орынмен Шымкент қаласынан келген Біржан Байтуов марапатталды. III орынды Алматы облысынан Айым Асылбекқызы мен Қармақшы ауданынан Сырым Әділбековтер өзара бөлісті. Тоқсан бес жылдық торқалы тойда сөзден өрмек өрген барлық қатысушы ақындарға тойдан тобықтай сый, ақшалай сыйақылар табысталды.

«AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында Сыр бойы жыраулық дәстүрінің ірі өкілі, жампоз жырау Сары (Қитарбек) Рахметовтің есімін ұлықтауға арналған «Сағымнан сарын оздырған» атты жыршы-термешілер фестивалі өтті.

САҒЫМНАН САРЫН ОЗДЫРҒАН

Шараның мақсаты – ұлттық мәдениетімізді, өнерімізді және дәстүрімізді дәріптеу мен насихаттау арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарымызды дамыту. Облыстық деңгейде ұйымдастырылған фестиваль - ұлттық өнердің мәйегі болып табылатын жыр және терме жанрын дамыту, жыр және терме өнерін жастардың арасында таныстыруды да көздейді.

Жыр өнеріне еңбегін сіңіріп, терін төккен тұлғаларға құрмет көрсету, жастарды жыр-термелер арқылы ізеттілікке тәрбиелеу және көне дәуірдің күмбірі арқылы халықтың рухани сауаттылығын арттыру да насихатталды.

Шараны «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева ашып, жырау Қитарбек (Сары) Рахметовтің өмір дастаны туралы айтып өтті. Сонымен бірге, ұйымдастырылған шараның маңыздылығы мен партияның «Ұлттық мұра» жобасының өзектілігіне тоқталды. Фестивальге 14 пен 35 жас аралығындағы 8 жыршы-термешілер қатысты. Сондай-ақ облысымызға белгілі жыраулар Ақтөбен арнайы келген Жолымбетов Демеубай және жерлестеріміз Сәрсенбаева Майра, Ахметов Руслан, Құлтасов Әділхан, Бейімбетова Шолпан, Төлеубаев Бисенбектер жыр сүйер қауымға жыр-толғауларын ұсынды.

Облыстық деңгейде ұйымдастырылған фестивальге қатысушы жас жырауларға «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының дипломы, жампоз жырау Сары Рахметовтің аты жазылған ұлттық аспап домбыра және «Ұлы мұрат - ұлт мұрасы» атты естелік сыйлықтар мен гүл шоқтары табысталды. Сонымен қатар, өнер сүйер көрермендерге термелерін арнаған жырауларға «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының арнайы «Алғыс хаты» табысталды.

АУДАНДЫҚ БӨЛІМШЕ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазалыда Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің Қазалы аудандық бөлімшесінің жаңа бастығы тағайындалды.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен басқосуға ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті бастығының орынбасары Тимур Тоғысбаев қатысты. Басқосуды аудан әкімі Мұхтар Оразбаев жүргізіп, мәжіліске қатысушыларға аудандық бөлімшенің жаңа бастығы Қонысбек Дархан Уәлиханұлын таныстырып өтті. Сондай-ақ Дархан Уәлиханұлының алдағы жұмыстарына сәттілік тілеп, аудандағы ауқымды істерді бірлесе атқаратындығын жеткізді. Аудан басшысы мұнан соң, бұған дейін аудандық бөлімшенің бастығы қызметін атқарып келген Нұрболат Ермекбайұлына алғысын білдіріп, Қазалы ауданының «Құрмет грамотасын» табыстады.

e-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

№43 (847) Сәрсенбі 25 қазан 2023 жыл

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН МЕДИАЦИЯ АРҚЫЛЫ ШЕШУ ТӘЖІРИБЕСІ

Еңбек адамның өз қажеттерін қанағаттандыру үшін мақсатқа сай істелетін қызметі, қоғамның өмір сүруінің негізгі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты. Еңбек адамдардың өмірі үшін материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адами қызметі.

Құқықтың әрбір саласы қоғамдық қатынастардың, өзінің мазмұны мен ерекшеліктерімен басқалардан өзгеше болып келетін белгілі бөлігін реттейді. Еңбек құқығының нысанын ашу үшін ең алдымен құқықтың осы саласының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберін айқындау қажет.

Қазақстан Республикасында қалыптасып келе жатқан еңбекті ұйымдастырудың нарықтық нысандарының дамуы мемлекет меншігінде болған кәсіпорын, мекеме, ұйымдарды жекешелендіруді, жеке меншіктің дамуына әкелді. Мұның бәрі еңбек қатынастарын реттеуде жаңаша көзқарасты талап етеді. Сондықтан, еңбек құқығы еңбек ету процессінің технологиясын реттемейді, еңбекті ұйымдастыру мен қолдану жөніндегі әлеуметтік байланыстарды реттейді, яғни еңбек құқығының нысаны еңбек емес, еңбектің әлеуметтік құрылымы немесе адамдардың еңбек ету барысындағы қатынастары болып табылады.

Қай қоғамда болмасын, жұмыс беруші мен жұмысшы арасында еңбек заңнамасын қолдануға, келісімдердің, еңбек және ұжымдық шарттардың, жұмыс берушінің актілерінің талаптарын орындауға немесе өзгертуге қатысты даулы проблемалар туындап отырады. Қазіргі нарықтық экономика және жекеше кәсіпкерлік жағдайында еңбектегі жанжал - жиі ұшырасатын құбылыс болып табылады.

Қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек туралы заңды қолдану, бұрын қызметкер (қызметкердің өкілі) мен жұмыс беруші (жұмыс берушінің өкілі) арасында реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың орындалуы туралы келіспеушіліктер еңбек даулары деп танылады.

Еңбек дауларын туғызатын жағдайлар әр түрлі. Объективтік сипаттағы факторлар болуы мүмкін: нарықтық экономикаға көшуге, мемлекеттік меншікті жекешелендіруге, жекелеген кәсіпорындардағы өндірістің жағдайына және соған байланысты қызметкерлердің жұмыстан босатылуына орай, республикада қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, меншік иесінің (жұмыс беруші) кәсіпорындарда (ұйымда) ауысуы және басқалар.

Субъективтік сипаттағы себептер: өндірістің ұйымдастырылуын, қызметкерлердің бірлесе еңбек ету мүддесін камтамасыз ететін әкімшілік-басқару аппаратындағы адамдардың қателіктері, біліксіздігі, кәсіпорындардың басшы құрамының еңбек заңнамасы саласындағы құқықтық даярлығының жеткіліксіздігі, жалдамалы қызметкерлердің де құқықтық білімінің төмендігі, өздерінің еңбек құқықтары мен міндеттерін жетік білмейтін қызметкерлердің жұмыс берушіге негізсіз талаптар қоятындығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясында еңбек саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудің мынадай қағидалары баяндалған: еңбек бостандығы және өзінің еңбекке қабілеттілігіне еркін билік ету, қызмет пен кәсіп түрін таңдау мүмкіндігі; мәжбүрлі еңбекке тыйым салу және жұмыссыздықтан қорғау, денсаулықты қорғау құқығы, бірлестіктер бостандығына құқығы, демалуға құқығы.

Еңбек дауларының жеке және ұжымдық, талап қоятын және талап қоймайтын түрлері болады. Жеке еңбек даулары өздерінің бұзылған еңбек құқықтарын тану немесе қалпына келтіру туралы жұмыс берушіге талап қоятын жекелеген қызметкерлердің бастамасы бойынша туындайды.

Ұжымдық еңбек даулары (жанжалдары) еңбек ұжымдарының (бөлімшелер ұжымдарының), өкілетті қызметкерлердің, өкілді орган мен жұмыс берушінің немесе басқарудың салалық (салааралық) органдарының арасында еңбек туралы қолданылып жүрген заңдарды қолдану, қызметшілер үшін жаңа еңбек және тұрмыстық әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туғызу немесе қолданыстағыларын өзгерту жөнінде ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасу және оларда көзделген шарттарды орындау мәселелері жөнінде туындайды.

Талап қоятын еңбек даулары еңбек туралы заңды, ұжымдық шарттар мен өзге де еңбек туралы келісімдерді қолдану жөніндегі түсініспеушіліктерді шешуге байланысты болады. Бұл жағдайда дауласушы қызметкер өзінің бұзылған құқығын тану немесе оны қалпына келтіру туралы талап қояды.

Қызметкерлер еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша сотқа жүгінген жағдайда олар мемлекет кірісіне сот шығындарын (мемлекеттік баж бен істің қаралуына байланысты шығыстарды) төлеуден босатылады.

Еңбек кодексіне сәйкес, жеке еңбек даулары бойынша алдымен келісу комиссияларына, содан кейін ғана сотқа жүгіну тәртібі көзделген. Яғни, заң талабына сәйкес, жұмыскерлердің немесе бұрын еңбек қатынастарында тұрған адамдардың не жұмыс берушінің келісу комиссиясына жүгінуі олардың арасында туындаған жеке еңбек дауын сотқа дейін реттеу тәртібінің міндетті сатысы.

Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Ол, еңбек қатынастарын, еңбек қатынастарымен тікелей байланысты қатынастарды реттеу кезінде еңбек заңнамасын қолдану процесінде туындайтын мәселелер бойынша, әлеуметтік әріптестік, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі жеке еңбек дауларын қарайды.

Еңбек кодексінде келісу комиссиясына немесе сотқа жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну үшін мынадай мерзімдер көзделген: жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі келісу комиссиясына тапсырылған күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін реттелмеген даулар бойынша не еңбек шартының тарабы келісу комиссиясының шешімін орындамағанда жүгінген кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі тапсырылған күннен бастап екі ай, басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл.

Еңбек кодексінің 159-бабының талабына сай, келісу комиссиясына түскен өтініш берілген күні тіркеледі. Келісу комиссиясы дауды өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін оны қабылдаған күннен бастап үш күнде беруге міндетті. Комиссияның шешімі, жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, онда белгіленген мерзімде орындалуға тиіс. Ал, жеке еңбек дауын қарау бойынша келісу комиссиясының не соттың жұмыскерді бұрынғы жұмысына қайта алу туралы шешімі дереу орындалуға жатады.

Егер жеке еңбек дауының тарабы келісу комиссиясының шешімімен толықтай немесе оның бір бөлігіне келіспейтін болса, жоғарыда айтып өткендей, дау реттелмеген болып есептеледі және келісу комиссиясының шешімімен келіспейтін тарап келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайдағы секілді, еңбек дауын шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Заңдағы бұл норма тараптарға жеке еңбек дауларын қысқа мерзімде, соттан тыс шешуге мүмкіндік береді. Және мұның сөзсіз жағымды тұстары көп. Даудың тез әрі тиімді, оңтайлы шешілуіне, тараптардың материалдық шығынының азаюына, адамның моральды түрде шаршамауына, сонымен қатар еңбекте тараптардың бұрынғы қарым-қатынасты сақтап қалуында маңызды рөл атқарады.

Осы орайда, кәсіподақ ұйымдарына еңбек шартының талаптарына дауды медиатордың қатысуымен реттеуді енгізу, сондай-ақ еңбек даулары бойынша татуластыру рәсімдерін насихаттау ұсынылады.

Мемлекетпен халықтың әлеуметтік әлауқатын көтеру мәселесі назардан тыс қалған емес. Қазіргі кезде ұжымдардағы еңбек даулары мен кикілжіңдер жиілеп кетті. Оның негізгі себебі жалақының уақытылы төленбеуі мен жұмысшылардың айлық жалақысын көтеру мәселесін алға қоюы болып табылады. Соттарда еңбек дауларына қатысты арыз-шағымдар жылдан-жылға көбейіп келеді.

Қазіргі кезде азаматтар өздерінің еңбек құқықтық қатынаста бұзылған құқықтарын сот арқылы қорғауды жөн көреді. Өйткені, соттың ашықтығы, ақпараттың жеткіліктілігі, құқықтық сауаттың артуы әділ сот төрелігіне деген сенімді нығайтты.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне «Татуластыру рәсімдері» атты 17-тарауы енгізілді. Бұл рәсімнің бірі – медиация. Тараптар сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхат беруге құқылы. Медиацияға жүгінсе, дауласу¬шылардың бірінікі – дұрыс, екіншісі бұрыс демей, оның алтын ортасын іздейді, сол арқылы екі жақтың да мүддесін қамтитын шешім қабылданатын болады. Түптеп айтқанда, медиация әртүрлі қиын жағдайға тап болған адамдар арасында келісімге келудің ізгілікті жолы деуге болады. Осыған орай, медиация құрылымы мен үдерісін, соның ішінде, оларды еңбек қатынастары саласында құру және пайдалану жөніндегі жұмыстарды күшейтудің қажеттігі ескеріліп, медиациялар құрылымын ұлттық және ірі жекеменшік компанияларда құру қолға алынып отыр. Өйткені, АҚШ, Австралия және басқа да дамыған батыс елдерінде барлық даулардың үштен бір бөлігі соттың араласуына дейін медиация үдерістері аясында реттеледі екен. Сондықтан да, қазіргі уақытта мемлекет тарапынан даулар мен жанжалдарды, соның ішінде, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы даулар мен жанжалдарды соттан тыс шешудің жүйесін енгізу жұмыстарын жандандыру қажет деп есептеймін.

Медиатордың қатысуы еңбек дауын көбінесе сотқа дейінгі тәртіпте шешуге ықпал етуге арналған. Медиатор өз қызметінде тек құқықтық нормаларды ғана емес, конфликтология, психология негіздерінде қолданады. Медиатордың қатысуымен дауды шешу, тараптар үшін келісімге қол жеткізуге бағытталған. Еңбек дауындағы екі тарап даудың кез келген сатысында медиацияға жүгінуіне және одан бас тартуына да болады. Медиация үшінші, бейтарап, әділ, дау нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы түрі. Еңбек дауларын медиация рәсімімен шешу өте тиімді. Медиация процедурасы жұмысшылар мен жұмыс берушілерге не береді? Егер тараптар өзара келісіп, дауларды медиация процедурасы арқылы реттейтін болса, онда оларда сәйкесінше сотқа жүгінбей ақ шешудің мүмкіндігі туындайды. Артық сот шығындарын төлемей, қызметкер мен жұмыс берушінің арасында орын алған даулары шешудің тиімділігі артады. Кез келген жұмыс беруші үшін туындаған дауларды сотта қарап, өздерінің нарықтағы іскерлік беделіне кір келтірудің ешқандай пайдасы жоқ екені баршаға мәлім.

Медиация институты қазақ қоғамына жат ұғым, жырақ түсінік емес. Қарт тарихтың қатпарына көз жүгіртсек билер атты қоғамның тірегі болған алып бәйтеректі көзіміз шалады. Қазақ арасында туындаған дау-шарларды би-шешендер қара қылды хақ жаратын әділдігімен шешіп отырған. Билердің дауды шешудегі негізгі ұстанымы бітім айту, екі тарапты келістіру болған. Билік айтқан би емес, бітім айтқан би, дау мұраты біту немесе елдестірмек елшіден деп жатады мұндайда.

Қызылорда қалалық сотымен еңбек даулары бойынша тараптардың өзара келісімі бойынша аяқталған істердің бірқатарына шолу жасап өтсек.

Талап қоюшылар Ж.А., Л. З., С. А., Н. К., А. М., Е. Т., М. П. жауапкер жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне еңбекақы мен өтемақы өндіру туралы азаматтық ісі қаралған. Талап қоюшылардың өкілі мен жауапкердің өкілі сот отырысында дау бойынша өзара бітімгершілікке келгендерін көрсетіп, араларындағы татуласу келісімін бекітуді сұрады. Сот аталған татуласу туралы келісімді бекіткен.

Тағы бір мысалды зерделейтін болсақ. Талап қоюшы Е. А. жауапкер шаруашылықты жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына бұйрықты заңсыз деп танып, күшін жою, жұмысын жалғастыруды жұмыс берушіге міндеттеу, лажсыз бос жүрген уақытына жалақы өндіру және моральдық залал өндіру туралы сотқа талап қоюмен жүгінген. Сотта талап қоюшының өкілі мен жауапкер өкілі сот отырысында дау бойынша өзара бітімгершілікке келгендерін көрсетіп, араларындағы татуласу келісімін бекітуді сұрады. Татуласу келісімі заңға қайшы келмегендіктен және үшінші тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын бұзбайтын болғандықтан сот оны бекіткен.

Медиация еңбек дауларын шешудегі тиімді процедура болып табылады және қазіргі уақытта даму сатысында. Мұны жарты жолда қалдырмай үздіксіз жалғастыру керек деп ойлаймын. Аталған санаттағы дауларды шешудің белгіленген құқықтық әдістері медиацияның дамуындағы оң өзгерісті байқатады. Медиация еңбек қатынастарындағы түсініспеушіліктерді дер кезінде шешу үшін қолайлы жағдай туғызып, тиімді механизмдер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Э.АХМЕТОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

ПИЯЗ ӨНІМДІЛІГІНЕН РЕКОРД ОРНАДЫ

Өзбекстанның Жызақ облысында тұратын шаруа бір гектардан 150 тонна пияз алып, осы көкөніс түрінің өнімділігі бойынша жаңа рекорд орнатты.

Өзбекстан Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегі бойынша, қазір әлемде 4,5 млн гектар жерде 92,1 млн тонна пияз өсіріледі. Орташа өнімділік – бір гектардан 19,3 тонна. Пияз өсіруден әлемде көш басында тұрғандар – Қытай, Үндістан, АҚШ пен Иран.

Өзбекстанда шаруалар өнімділігі жоғары сорттарды, дән мен көшет өсірудің жетілдірілген технологияларын, сонымен қатар тамшылатып және спринклерлік суару жүйесін пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімін арттырады.

«Жызақ облысы Заамин ауданы Чорвадор ауылындағы шаруа қожалығының жетекшісі Бахтиёр Мирзаев биыл тік құдық қазып, өз алқабына тамшылатып суару технологиясын енгізді. Нәтижесінде бір гектардан 150 тонна өнім алды, бұл – абсолют рекорд», – деп хабарлады Ауыл шаруашылығы министрлігі.

«Біз биылғы жетістікпен тоқтап қалмаймыз, келесі жылы ғалымдармен бірлесіп, бір гектардан 160 тонна өнім алуды жоспарлап отырмыз. Алдағы үш жылда гектарынан алынатын өнім мөлшерін 200 тоннаға жеткіземіз деген мақсат қойдық», – деп толықтырды шаруа Бахтиёр Мирзаев.

ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ҚАШАН КҮШІНЕ ЕНЕДІ?

Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режим туралы келісім қашан күшіне енетіні белгілі болды. Келісімге 2023 жылғы 17 мамырда Сиань қаласында қол қойылған.

«Параграф» сайтында жарияланған Сыртқы істер министрлігінің хатында бұл келісім 2023 жылғы 10 қарашада күшіне енетіні айтылған. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған құжатта, осы келісім белгіленбеген мерзімге жасалатыны және уағдаласушы тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап 30-шы күні күшіне енетіні жазылған.

Айта кетейік, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қытай арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісімге 17 мамырда Қытайға сапары кезінде қол қойған болатын. Кейін Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режим туралы келісімнің мәтіні жарияланды.

ИЗРАИЛЬ СИРИЯ ӘУЕЖАЙЫНА ШАБУЫЛ ЖАСАДЫ

Израиль ӘӘК Дамаск және Алеппо халықаралық әуежайларына кезекті әуе соққысын жасады. Салдарынан екі адам зардап шегіп, әуе айлағы істен шықты. жасалған шабуылдан Дамас әуежайының бір қызметкері қаза тауып, тағы бірі жарақат алды. Маркұм әуежайдың метеорология департаментінің қызметкері болатын.

«Шамамен 05:25 кезінде израильдік қарсылас бір уақытта Жерорта теңізінен батысқа қарай Латакиядан және басып алынған сириялық Голан жақтан Дамаск және Алеппо бхалықаралық әуежайларына соққы жасады», – деп жазды агенттік.

Израильдік авиация шабуылы салдарынан екі әуежайдың да ұшу-қону жолағына зақым келіп, істен шықты. Сирия көлік министрлігі Дамаск және Алеппо әуежайларындағы тұрақты рейстердің бәрі халықаралық Латакия әуежайына ауыстырылатынын мәлім етті.

Кейінгі жылдары Израиль Сирияның үкімет бақылауындағы аудандарына жүздеген әуе соққысын жасады. Соған қарамастан Израиль билігі Сирия нысандарына шабуыл жасағанын көпшілік алдында мойындауы сирек. Олар мұндай операциялар Иран қаруы Тегеран қолдайтын қарулы топтардың қолына түспес үшін ұйымдастырылады деп ақталады.

АЛТЫ ЖЫЛДА 43 МЛН. БАЛА

БҰҰ-ның Балалар қоры 2017 жылдан бергі статистиканы жинақтап, соңғы 6 жылда климаттық апаттар салдарынан 43 миллионнан астам бала үйлерін тастап кеткен деген қорытындыға келді.

Балалардың қоныс аударуына негізгі себептер – дауыл мен су тасқыны. Климаттың өзгеруіне байланысты бұл табиғи апаттар жиі орын алып, олардың қарқыны да артып келеді.

Бұған қоса, болашақта жағдай айтарлықтай нашарлай түсетіні шамаланып отыр. Ұйымның болжамына сәйкес, өзендердің арнасынан тасуынан алдағы 30 жылда 96 млн бала үйлерін тастап кетуге мәжбүр болуы ықтимал.

Халықаралық ұйымның пікірінше, бұл мәселенің оңай шешімі жоқ. Білім деңгейін көтеру, табиғи апаттардың алдын алу және балаларға гуманитарлық мәселелер мен климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы саясатта ерекше орын беруді қоса алғанда, кешенді шаралар қажет, деп атап өтті ЮНИСЕФ.

ӨМІР БОЙЫНА БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

АҚШ-та сот ИЛИМ-ге (ИГИЛ) (Қазақстан Республикасында тыйым салынған) материалдық көмек көрсеткені үшін 46 жастағы қазақстандықты өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына кесті.

АҚШ Әділет министрлігінің хабарлауынша, АҚШ азаматы 46 жастағы Руслан Асайынов ИЛИМ-ге материалдық қолдау көрсеткені үшін өмір бойына бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ ведомство мәліметіне сүйенсек, ол Сириядағы көптеген қақтығысқа қатысқан.

«Асаинов мырза отбасы мен елін тастап, ИЛИМ-нің құрамында соғысып, басқаларды да үйретуге кеткен. Қазір ол жасаған қылмысы үшін жауапқа тартылып, өмір бойына бас бостандығынан айырылды. Әділет департаменті мұндай лаңкестік ұйымдарға көмектескендерді жауапқа тартады», – деді Әділет министрлігі ұлттық қауіпсіздік бөлімінің бас прокурорының көмекшісі Мэттью Олсен.

Сондай-ақ осы іс бойынша өткен баспасөз қызметі хабарламаларының бірінде АҚШ Әділет министрлігі Руслан Асаинов Қазақстан тумасы екенін мәлімдеген.

ТЕННИСШІ АНДРЕЙ ГОЛУБЕВ ШВЕЦИЯДАҒЫ АТР ТУРНИРІНДЕ ТОП ЖАРДЫ

Қазақстандық Андрей Голубев жұптық сында Стокгольм (Швеция) АТР 250 турнирінің чемпионы атанды.

Қазақстандық теннисші украиналық Денис Молчановпен бірге финалда үндістандық Юки Бхамбри – ұлыбританиялық Джулиан Кэшпен бас жүлдені сарапқа салды. Қазақстандық-украиналық жұп 7:6 (10:8), 6:2 есебімен жеңіске жетіп, чемпиондық атаққа ие болды. Айта кетейік, бұған дейін тағы бір отандық теннисші Александр Бублик Антверпен (Бельгия) АТР 250 турнирінің жеңімпазы атанғанын хабарлаған едік.

23.10-29.10.2023

Тоқты
(21 наурыз-20 сәуір)

Белсенділігіңіз жоғары деңгейде болмаса да, келіссөздерде табысқа жетуге сәтті апта. Жауапкершілік жүгін шектен тыс алмауға тырысыңыз. Көңіл күйді сергітетін шай ішіп, өзіңізге біраз уақыт арнаңыз. Сүйікті адамыңыздың пікіріне құлақ асыңыз.

Торпақ
(21 сәуір-20 мамыр)

Барлығына қалай ұнамды болуды ойласаңыз, соғұрлым көп уақытты босқа кетіресіз. Өз пікіріңізге адал болыңыз және мүмкіндіктеріңізді барынша пайдаланыңыз. Егер біреуге бір нәрсе ұнамаса, онда сіз дұрыс бағыттасыз. Сәттілік батылдарды жақсы көреді.

Егіздер
(21 мамыр-21 маусым)

Жұмыста қарым-қатынас маңызды. Іскер әріптестеріңізбен көбірек сөйлесіңіз. Бұл уақытта сүйіктіңізбен қарым-қатынасыңыз аздап шиеленісуі мүмкін. Отқа май құймауға тырысыңыз, бұл жақсылыққа әкелмейді. Жүрегіңізді тыңдауды үйреніңіз.

Шаян
(22 маусым-22 шілде)

Денсаулығыңызға мұқият қараңыз. Өзіңізге қауіпті әдеттермен зиян келтірмеңіз, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Көптен көрмеген достарыңызбен кездесуге болады. Мәмілеге келуді үйреніңіз, әйтпесе үйлесімділік сізден қашып кетеді.

Арыстан
(23 шілде-22 тамыз)

Оптимист және көңілді болыңыз. Көңіліңізді түсірмеңіз, өйткені кейбір жағдайлар сіз қалағандай тез болмайды. Жалпы дұрыс бағыттасыз. Жақын адамыңызға сезіміңізді жиі айтып отырыңыз. Екінші жартыңызға жағымды тосын сыйлар жасаңыз.



Бикеш
(23 тамыз-22 қыркүйек)

Жақындарыңыз сіздің көңіл-күйіңізді көтеріп, позитивті ойлауға дайындайды. Сүйікті адамыңыз сізді жылулық пен шынайы ықыласпен қуантады. Қарым-қатынасыңызға аздап құмарлықты қоссаңыз, зиян тигізбейді. Жалпы белсенділікті бағалаңыз.

Таразы
(23 қыркүйек-22 қазан)

Жан тыныштығы орнайды. Сүйікті адамыңызбен көп уақыт өткізіңіз. Отбасыңызбен жанжалдасудан аулақ болыңыз. Көкөністерді көбірек пайдаланыңыз. Алдағы уақытқа жоспар құрудың қажеті жоқ, барлығы сіз ойлағандай жайлап орнына келеді.

Сарышаян
(23 қазан-21 қараша)

Жақсы көретін адамдарыңызды білмей ренжітуіңіз мүмкін. Сізді бағалайтындарға сыпайы болыңыз. Қарым-қатынасқа ашық болыңыз және жаман мінезіңізді жасырыңыз. Жиі күліңіз және ешкім сіздің сүйкімділігіңізге қарсы тұра алмайды.

Мерген
(22 қараша-21 желтоқсан)

Белсенділікті бәсеңдетпеңіз. Түйсігіңізге сеніңіз, бұл уақытта тым мұқият болыңыз. Махаббат қарым-қатынасында бәрі жақсы болады. Басқа адамның сезімдеріне күмәнданбаңыз. Сезіміңізді сөзбен емес, іспен көрсетуге үйреніңіз.



Тауешкі
(22 желтоқсан-19 қаңтар)

Бұл апта тез және алаңсыз өтеді. Табысқа жетуге асықпау керек. Егер бірдеңе баяу болса, оның себептері бар екеніне күмәнданбаңыз. Отбасыңызбен көбірек уақыт өткізіңіз, жақындарыңызға махаббат пен көңіл бөліңіз. Серіктесіңізді қолдаңыз.

Суқұйғыш
(20 қаңтар-18 ақпан)

Басқалардың пікірін жақсы қабылдайсыз. Барлық шыдамдылықты жинаңыз, қаншалықты күшті болатыныңызды есте сақтаңыз. Қиындықтарды сабырмен жеңіңіз. Бәрі жақсы болады. Сіздің сүйікті адамыңыз сізді тосын сыймен таң қалдыруға тырысады.

Балықтар
(19 ақпан-20 наурыз)

Белсенді жұмысқа көңіл-күй болмайды, бірақ шығармашылық тапсырмаларға бейімділігі кемімейді. Егер жарнама үшін демеушілер тапса, хоббиін өмірлік жұмысына айналдыра алады. Тұрғылықты, жұмыс істейтін аумақтарды желдетуді ұмытпаған жөн.

МӘМС

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ ЕМХАНАҒА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕ АЛАДЫ?

15 қыркүйекте алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына еркін тіркелу бойынша жыл сайынғы науқан басталды. Ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін сақтандырылған азаматтар Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілері ішінен емхананы таңдай алады. Шетел азаматтарына қалай тіркелуге болады? Осы және басқа да сұрақтармен біз Қордың Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке жүгіндік.

Спикердің ақпараты бойынша, еңбек заңнамасы және Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексте енгізілген өзгерістерге байланысты емханаларға тіркелу ережелері мен иммигранттарға медициналық көмек көрсету ережелері өзгерді. Бұйрықтарға енгізілген өзгерістер тек ЕАЭО-ға мүше елдердің (РФ, Беларусь, Қырғызстан, Армения) бірінің азаматтығы бар, ҚР-да уақытша тұратын шетелдіктерге – еңбек мигранттарына және олардың отбасы мүшелеріне (балалары мен жұбайларына) қатысты.

Жаңа қағидаларға сәйкес, бұл шетелдіктер емханаға ерікті медициналық шарт (ЕМС) немесе алғашқы медициналық-санитариялық және шұғыл стационарлық көмекке жүктелген медициналық сақтандыру шарты (ЖМС) негізінде тіркеледі. Кейін шарт жасасқан мерзімі өткен жағдайда медициналық ұйымнан автоматты түрде шығарылады.

Қор филиалының директоры түсіндіргендей, емханаға тіркелу үшін оның басшысының атына қазақ немесе орыс тілінде еркін түрде өтініш жазу қажет. Өтінішпен бірге жеке басын куәландыратын құжатты (немесе шетелдік паспортты), ЕМС немесе ЖМС шартын тапсырады. Олардың заңды өкілі өтініш берсе, отбасы мүшелерінің келісімі қоса берілуі керек. Өтініш беруші медициналық ұйымға өзі жүгіне алады немесе оны сақтандыру компаниясы жасайды. Тіркелуге болатын емханалардың тізімі шарттың қосымшасында (ЕМС немесе ЖМС) көрсетілуі тиіс.

Айта кету керек, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шартқа отырған алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелуге болады.

ЕАЭО шартында шетелдіктердің денсаулық сақтау саласындағы құқығы ғана емес, міндеттері де жазылған. Олардың қатарына ауруларды ерте анықтау үшін профилактикалық скринингтерден уақтылы өту, әйелдерді жүктілік бойынша уақтылы есепке қою (12 аптаға дейін), созылмалы және әлеуметтік маңызы бар ауруларды динамикалық байқау және т.б. кіреді. Сондай-ақ, Қазақстанда уақытша тұратын шетелдіктер айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, республикада тұрақты тұратындарға ғана көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде медициналық көмек ала алмайды.

ҚР азаматтары, қандастар және ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер үшін емханаға тіркелу тәртібі өзгеріссіз қалады.

Медициналық көмекке қолжетімділіктен тыс қалмау үшін тіркелудің мәртебесін тікелей тұрғылықты жері бойынша емханада немесе электрондық үкімет веб-порталында ЭЦҚ арқылы тексеру ұсынылады. Тіркеу немесе қайта бекіту кезінде емхананы тұрғылықты жеріне жақын жерден таңдау ұсынылады, қажет болған жағдайда учаскелік дәрігер науқасқа үйге бара алады.

«Науқан кезінде бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына тіркеле отырып, азаматтар медициналық көмекті 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ала бастайды. Яғни, осы жылдың 31 желтоқсанына дейін азаматтарға бұрын тіркелген емханада қызмет көрсетіледі», – деп түсіндірді Қор филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Тіркеу науқаны Денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорында тіркелген және ТМККК және МӘМС бойынша медициналық қызметтер көрсетуге үміткер медициналық ұйымдар арасында ғана жүргізіледі. Тіркелуге қолжетімді емханалардың тізімімен Қордың https://fms.kz/kz/ сайтында «Емхананы таңдау» бөлімінде танысуға болады.

СҮТ БЕЗІ ОБЫРЫН ЕРТЕ АНЫҚТАУ ӨМІРІҢІЗДІ САҚТАЙДЫ

«Дәл қазір тексеріл!»: сүт безі обыры туралы жан-жақты ақпарат беретін жыл сайынғы айлық басталды. Онкологияның бұл түрі әйелдермен қатар, ерлерде де болады. Бірақ, әйелдерде ең көп кездесетін дерттің бірі. Өкінішке қарай, Қазақстанда сүт безі қатерлі ісігі өкпе және колоректальды обырдан оқ бойы озып тұр, деп хабарлады Қызылорда қаласындағы № 3 емхананың онколог-дәрігері Айгүл Әділова.

Маман түсіндіргендей, әдетте, бұл дерт сүт безі тінінде киста немесе түйін түрінде пайда болады. Бұл жасушалар лимфа жүйесі немесе қан тамырлары арқылы қоршаған тіндер мен мүшелерге таралуы мүмкін. Ауруды асқындырып алған жағдайда емдеу қиынға соғады. Маммография және самопальпация секілді медициналық тексерулер сүт безі обырын ерте анықтап, сәтті емдеу мүмкіндігін арттырады.

40 пен 70 жас аралығындағы сақтандырылған әйелдер тіркелген емханасында 2 жылда 1 рет сүт безі обырын ерте анықтау үшін скринингтік тексеруден өте алады. Оған келесі тексеру түрлері кіреді: сүт бездеріне ультрадыбыстық зерттеу, мақсатты маммография (1 проекция), маммография (4 сурет).

Қажет болған жағдайда дәрігер қосымша тексеруге жолдама береді: пункциялық/ стереотактикалық бақылаудағы аспирациялық биопсия, трепанобиопсия, күрделілігі 3 санаттағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеу.

Нәтижесі бойынша келесі дәрігерлерге жолдама беріледі: акушер-гинеколог, рентгенолог (рентгенограмманы 2-ші мәрте қарау), онколог немесе онколог-хирург, маммолог.

Жыл сайын қазан айында ұйымдастырылатын айлық аясында еліміздің медициналық орталықтарында ашық есік күні өтеді. Онда тегін тексеруден өтіп, маммолог-дәрігерлерден кеңес алуға болады.

АИТВ–НЫҢ АЛДЫН АЛУ

АИТВ-ның таралуын ескерту жөніндегі негізгі іс шаралар АИТВ жұқтыру мәселесінде тұрғындарды қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына үйрету болып табылады. Белгілі бір ерекше мінез-құлықты немесе өмір салтымен ерекшелетін тұрғындар тобында АИТВ жұқпасын жұқтыру қаупі жоғары болуы мүмкін.

АИТВ жұқпасынан вирустың қасиетін, оның берілуі мен алдын алу шараларын біле отырып өзіңді қорғауға болады. Вирустың сыртқы ортаға төзімділігі төмен, мысалы 56 градус температурада жарты сағат,100°С-та бір-екі сағат ішінде белсенділігі жойылады.

Сонымен қатар АИТВ мұздатылған жағдайда бірнеше жыл сақтала береді. Инелер мен шприцтердегі кеуіп қалған қан, сондай-ақ наркотикалық дәрі-дәрмектердің ерітіндісінде өзінің белсенділігін үш аптаға дейін және (бөлме температурасында) одан көп сақтауы мүмкін, оның таралуы есірткіні инемен тұтынушылар арасында таралуына себепші болған маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар бар болған жағдайда, АИТВ жұқпасының берілу қауіпі жыныстық байланыс кезінде 2-5 есеге артады. Ашық жарасы бар (мысалы, ұшық) жыныстық жолмен берілетін инфекциялар болған кезде, тіпті қауіпті.

Егер қанмен, ұрық сұйықтығымен, жатыр сұйықтығымен байланыс болмаса, АИТВ жұқпасының болу мүмкіндігі жоқ.

АИТВ жұқпасының берілу жолдары:

- қорғалмаған жыныстық қатынас (презервативсіз);
- шприц, (ине және басқа да егу құралдарын бірлесіп немесе қайтара қолдану, татуировка және пирсингке арналған залалсыздандырылмаған құрал жабдықтарды пайдалану, бөтен адамның қырыну құралдарын пайдаланғанда, қанның қалдығы қалған тіс щеткасын пайдаланған кезде);
- АИТВ жұқтырған ана жүктілік кезінде, босану және емшекпен емізу кезінде балаға жұқтыру.

АИТВ мына жағдайларда берілмейді:

- жәндік шаққанда;
- құшақтасып, қол алысқанда;
- монша, ванна, бассейн, әжетхананы бірлесіп қолданғанда;
- төсек-орын, ыдыс-аяқ және басқа да тұрмыстық заттарды бірлесіп қолданғанда;
- түшкіргенде және жөтелгенде;
- достастық сүйісулерде;
- қауіпсіз жыныстық қатынаста.

Қазіргі уақытқа АИТВ-инфекциясы қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды проблемасы болып қалып отыр. Қазақстанда АИТВ-инфекциясының таралу деңгейі төмен және тұрақты деп есептеледі делінгенмен нақты эпидемиологиялық деректер АИТВ – инфекциясының одан әрі таралуын дәлелдейді. Жыл сайын анықталатын жағдайлардың саны төмендемей, Қазақстанда эпидемияның дамуы әлемдегі барлық елдердегідей, жыныстық жолмен жұқтыру жағдайларының артуымен сипатталады.

Сондықтан да АИТВ/ЖИТС-ті болдырмау үшін профилактикалық іс-шараларды насихаттау шараларын өткізумен, ақпараттану деңгейін арттырумен, салауатты өмір салтын жарнамалаумен, есірткіден және кездейсоқ сексуальдық байланыстардан бас тарту, тұрақты серіктесінің денсаулығы туралы қамқорлық жасаумен жалғасуға тиіс. Жұқтырылған ауруды емдеуге қарағанда, АИТВ-ны жұқтырудан сақтану анағұрлым кепілдендірілген пайдалы және тиімді екенін баршамыздың білгеніміз жөн.

Д. БАЙМҰРЗАЕВА,
ЖИТС-тің алдын-алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың Шиелі ауданындағы филиал аяжаны

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕККЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №249

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/